

Сағатына 20 тонна асфальт - бетон өндіреді

Шемонайха ауданының тұрғындары тағы бір игі істің куәсі болды. Николаев тау-кен өнімдерін өндіру фабрикасының аумағында сағатына 20 тонна өнім өндіретін асфальт-бетон зауыты ашылды.

Өндіріс орнының ашылу салтанатында аудан әкімі А.Кәрімов әлеуметтік жауапкершілік аясында зауытты мерзімінде тапсырған «Қазақмыс» корпорациясына қарасты мыс-химия комбинатының директоры Р.Доевқа алғыс білдірді.

Өндіріс құрылысына қолдау көрсеткен – Өскемен қаласындағы «РемДор» ЖШС мекемесі. Зауыт аудан көлеміндегі асфальт жолдардың сапа-

сын жақсартумен қатар, өнімін өткізіп, бұл саланың материалдық-техникалық базасын нығайтады.

Қазір зауыт алғашқы өнімін шығара бастады. Енді өнімнің сапасына мән беріліп, стандартқа сай келтіріледі. Бұл кәсіпорынның аудан экономикасын дамытуға үлесі зор болмақ.

Гүлнәзира Есенбекова

Шемонайха ауданы.